

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметінің тарифтік сметасының және бекітілген инвестициялық бағдарламасының орындалу туралы 2019 жылға Есебі

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-гі 24.02.2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі-Департамент) №54-НҚ бұйрығымен тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметі (бұдан әрі-газ тасымалдау) бойынша табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімнің жергілікті бөліміне табиғи монополия субъектісі ретінде тіркелген.

Қызмет көрсету аумағы: Шымкент қаласы, Ордабасы индустриалды аймақтың аумағы.

1). «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-гі (бұдан әрі –Компания) газ тасымалдау қызметін «Ордабасы» индустриалды аймағының аумағындағы 48 өндірістік кәсіпорынға - заңды тұлғаларға көрсетеді.

2019 жылы қолданыста 2 тариф болды, Департаменттің 16.08.2017ж. №83-НҚ бұйрығымен бекітілген тариф 01.08.2019 жылға дейін күшінде болды, мөлшері 3298,75 теңге/1000 м³ ҚҚС-сыз, ҚҚС-мен 3694,60 теңге/1000 м³, Департаменттің 18.06.2019ж. №68-НҚ бұйрығымен бірыңғай тарифтің шекті деңгейі 2019-2023 жылдарға (5 жыл) бекітілді, қолданысқа 01.08.2019 жылдан бастап енгізілді, мөлшері 3069,98 теңге/1000 м³ ҚҚС-сыз, ҚҚС-мен 3438,38 теңге/1000 м³, 7,45% төмендеген.

Компанияның теңгерімінде ұзындығы 10,587 км газ тарату желілері, ГРП (газды реттегіш пункттары) -14 бірлік, ШТП (шкаф тарату пункттары) - 32 бірлік, есептеу құралдары - 100% орнатылған.

2). Бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі-Департамент) 2018 жылғы 24 тамыздағы «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2018-2022 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы» №219-НҚ бұйрығымен инвестициялық бағдарлама бекітілген, жоғарыда аталған бұйрықтың 4-тармағына сәйкес «Осы бұйрық шекті тариф енгізілген күннен бастап күшіне енеді» деп көрсетілген, Шымкент қаласы бойынша Департаменттің 2019 жылғы 18 маусымдағы №68-НҚ бұйрығымен «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне 2019-2023 жылдарға тарифтің шекті деңгейі бекітіліп, қолданысқа 2019 жылдың 1 тамызынан бастап енгізілген.

Тарифтің шекті деңгейі күшіне енген күннен бастап 2019 жылдың 1 тамызынан 2020 жылдың 1 тамызына дейін (1 жыл) «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің аумағындағы ГТЖ-4-ден (газ тарату желілері) бастап ұзындығы 430м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған, осы инвестициялық іс-шараларға 8421,0 мың теңге (1 жылға) қарастырылған, оның ішінде 627,0 мың теңге бекітілген тарифтік сметадағы амортизация есебінен көзделген, пайда тарифтік сметада қарастырылмаған, 7794,0 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің реттелмейтін өзге қызмет қаражаты есебінен жоспарланған. 2019 жылы нақты орындалған инвестициялық іс-шаралар 3899,074

мың теңгені құрады, оның ішінде 1320,26 мың теңге, тарифтік сметада қарастырылған амортизация есебінен жасалынды, 2578,814 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің реттелмейтін өзге қызмет қаражаты есебінен жасалды. Ұзындығы 167,5м жоғары қысымды газ құбырлары қайта жаңартылды.

3). «Ордабасы» индустриалдық аймақ» ЖШС-нің газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметіне бекіткен тарифтік сметаның 2019 жылға орындалуы:

р/с №	Тарифтік сметадағы көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген 2 тарифтік сметалардың көрсеткіштері 1 жылға	Тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері	Ауытқу %	Ауытқу себептері
I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы:	мың теңге	14358,42	16679,62	16,2	Көрсетілетін қызмет көлемі көтерілуіне байланысты
<i>1</i>	<i>Материалдық шығындар барлығы</i>	<i>мың теңге</i>	<i>5198,20</i>	<i>5480,24</i>	<i>5,4</i>	Өндірістік қажеттілікке байланысты, нақты қалыптасқан шығыстар
<i>2</i>	<i>Амортизация (негізгі қорлардың тозу шығындары)</i>	<i>мың теңге</i>	<i>624,07</i>	<i>1320,26</i>	<i>111,6</i>	Негізгі құралдардың нормалары сәйкес есептелген нақты амортизация
<i>3</i>	<i>Еңбек ақы шығындары, барлығы</i>	<i>мың теңге</i>	<i>8783,28</i>	<i>9224,40</i>	<i>5,0</i>	Айлық-жалақы мөлшері көтерілуіне байланысты
<i>4</i>	Арнайы техника	мың тең.		654,72		Өндірістік қажеттілікке байланысты, нақты қалыптасқан шығыстар
II	Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде	мың теңге	8137,02	13613,49	67,3	Көрсетілетін қызмет көлемі, айлық-жалақы мөлшері және тауарлардың бағасы көтерілуіне байланысты
<i>5</i>	Әкімшілік персоналдың айлық-жалақы қоры	мың теңге	2963,31	5364,20	81,0	Айлық-жалақы мөлшері көтерілуіне байланысты
<i>6</i>	Коммуналдық қызметтер	мың теңге	362,6	508,67	40,3	Нақты көрсеткіштер
<i>7</i>	Салықтар	мың теңге	1065,46	1324,69	24,3	Салық органына ұсынылған есептерге, декларацияларға сәйкес
<i>8</i>	Өзгеде шығындар (кеңселік тауарлар, банк қызметі, шаруаш.тауарлар күзет, жазылым, байланыс, оқыту, тех.қызмет, ЕҚЖТҚ, мед.тексеру ж т.б.)	мың теңге	1180,04	2457,18	108,2	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бағалары көтерілуіне байланысты, кейбір шығындардың өндірістік қажеттілігіне байланысты
<i>9</i>	Газ жүйелеріне техникалық қызмет көрсету	мың теңге	2565,61	3958,75	54,3	2018 жылдың келісім-шартына сәйкес, тарифте 2017 жылғы сома
III	Ысыраптарды өтеуге арналған шығындар	мың теңге	54556,11	61132,09	12,1	Көрсетілетін қызмет көлемі көтерілуіне байланысты
IV	Барлық шығындар	мың теңге	77051,56	91425,20	18,7	Көрсетілетін қызмет көлемі көтерілуіне байланысты
V	Пайда/зиян	мың теңге	0	2024,05		Тауарлардың, қызметтердің бағалары көтерілуіне байланысты
VI	Барлық табыстар	мың теңге	77051,56	93449,25	21,3	Көрсетілетін қызмет көлемі 26,1% көтерілуіне байланысты

VII	Жалпы көлемі	мың м ³	26582,42	31690,94	19,2	Нақты қалыптасқан көрсеткіштер
	Нормативтік техникалық ысыраптар	мың м ³	2290,66	2453,42	7,1	Көрсетілетін қызмет көлемі көтерілуіне байланысты, НТБ абсолюттік көрсеткіші өсті
		%	8,66	8	-0,66	Пайыздық үлесі 0,66% -ға төмендеді
	Көрсетілетін қызмет көлемі	мың м ³	24260,51	29204,28	20,4	Қызмет аймағын кеңейтуге байланысты
VIII	Тариф, ҚҚС-сыз 2019 жылдың 1 тамызына дейін	теңге/1000м ³	3298,75	3298,75	0	
IX	Бірінғай 5 жылға тариф, негізсіз табыс соммасын алып тастағанда, ҚҚС-сыз 2019 жылдың 1 тамызынан бастап	теңге/1000м ³	3069,98	3069,98	0	
X	Өзіндік құны ҚҚС-сыз	теңге/1000м ³	3069,98	3130,54	2,0	Тауарлардың, қызметтердің бағалары көтерілуіне байланысты

2019 жылғы тарифтік сметаның орындалу есебі бойынша орындалмаған бабтары жоқ.

4), 5) тармақшалары бойынша қызметтің сапа және сенімділік, тиімділік көрсеткіштері 2019 жылға бейтарап, себебі тариф 2019 жылдың маусым айында бекітілді, ереже тамыз айында шығуына байланысты.

Компания табиғи газды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-нан алады, оның сапасын олар кепілдігімен қамтамасыз етеді. Компания тұтынушыларды газбен үздіксіз қамтамасыз етеді, тұтынушылар тарапынан ешқандай шағымдар болған жоқ.

б). Реттеліп көрсетілетін тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері:

Газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметінің барлық шығындары 2019 жылы 91425,2 мың теңгені құрады, бұл Департаменттің бекіткен екі тарифтерінің орта есеппен бір жылға есептегенде көрсеткіштерінен 18,7% жоғары, көрсетілетін қызмет көлемі 20,4 % көтерілуіне байланысты, барлық табыстар 93449,25 мың теңгені құрады, бұл 21,3% жоғары, көрсетілетін қызмет көлемі көтерілуіне байланысты, аталған реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша Компания 2024,05 мың теңге пайда тапты.

7). Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы:

2019 жылы газдың жалпы көлемі 31690,94 мың м³ құрады, бекітілген екі тарифтің көрсеткіштері 26582,42 мың м³, бұл 19,2% жоғары, сатылым көлемі 29204,28 мың м³, бекітілген тарифтерде 24260,51 мың м³, бұл 20,4% жоғары, нақты қалыптасқан көрсеткіш. Нормативтік-техникалық ысыраптарының абсолюттік көрсеткіші 2453,42 мың м³, бекітілген тарифтік сметаларда 2290,66 мың м³, бұл 7,1% жоғары, көрсетілетін қызмет көлемі көтерілуіне байланысты, пайыз көрсеткіштері 8,66%-дан 8%-ға төмендеді, бұл 0,66% төмен.

8). Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы:

Тұтынушылар үшін есептеу құралдарының алдында тұрған сүзгілері тазаланады, ал тұтынушылар ШТП, ГРУ, есептеу құралдарын сатып алған кезде, жинау және орнату жұмыстары Компания есебінен жүзеге асырылады, қажет болған жағдайда тұтынушыларға жаңа газ таратушы желілер өткізіледі, ал газ

қысымы төмендеген кезде, Компанияның жұмысшылары газдың қысымын реттейді.

9). Қызмет перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы:

Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапасын және сенімділік көрсеткіштерін арттыру мақсатында, болашақта «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің аумағындағы ГТЖ-4-ден (*газ тарату желілері*) бастап ұзындығы 2400м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған.

Департаменттің 18.06.2019ж. №68-НҚ бұйрығымен бірыңғай тарифтің шекті деңгейі 2019-2023 жылдарға (*5 жылға*) бекітілді, қолданысқа 01.08.2019 жылдан бастап енгізілді, мөлшері 3069,98 теңге/1000 м³ ҚҚС-сыз, ҚҚС-мен 3438,38 теңге/1000 м³, бұл 7,45%-ға төмендеген. Тарифтің өзгеруі алдағы жақын уақытта жоспарланып отырған жоқ.

Қаржылық есеп. «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2019 жылғы Пайдалар мен залалдар туралы есебі.

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезең 2019 жыл, мың теңге
Тауарлар мен қызметтерді сатудан түсетін табыс	010	751019
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	020	403790
Жалпы пайда (010 жол- 020 жол)	030	347229
Өзге кірістер	050	3565
Өнімді сатуға және қызмет көрсетуге арналған шығыстар	060	6163
Әкімшілік шығыстар	070	170719
Қаржыландыру шығыстары	080	1478750
Өзге шығыстар	090	294
Пайда + /залал -	110	-1305132
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	140	28340
Жалпы жиынтық кіріс	240	-1333472

**«Ордабасы индустриалдық аймақ»
ЖШС-нің әкімшілігі**